

Түпқараған ауданы полиция бөлімі Жергілікті полиция қызметі бөлімі

Хаттама №

Уақыты: 09.09.2024 жыл

сағат 10:00

Жиналысқа қатысқандар:

1. Түпқараған ауданы прокуратурасының прокуроры Амангелді Жалғас Теңелұлы.
2. Түпқараған ауданы Пб ЖПҚб ЮПТ аға инспекторы полиция майоры Саркенов Джамбул Майрадинович
3. Есбол Өмірбаев жалпы білім беру мектебінің жоғары сынып оқушыларымен мұғалімдері.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Республика көлемінде кәмелетке толмағандар арасында болып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықты ескерту. Соны болдырмау мақсатында, Түпқараған ауданы аумағында кәмелетке толмағандар арасында қылмыстық құқық бұзушылықты сонымен бірге жол көлік оқиғаларының алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Тыңдалды:

1. Түпқараған ауданы прокуратурасының прокуроры Амангелді Жалғас Теңелұлы.

Құрметті оқушылар барлығыңызды биылғы 2024-2025 жылғы оқу жылы жақсылығы көп болсын сонымен бірге жақсы оқып бітіріп өздеріңіздің армандап жүрген оқу орындарыңызға кірулеріңізге тілектеспін. Ал қазіргі кезде Түпқараған ауданы бойынша кәмелетке толмағандар арасында жыл басынан бері бес қылмыстық іс-тіркеліп өз шешімдерін тауып тиісті шараларын алды. Ал енді осы қылмыстарды болдырмау мақсатында сіздермен келіп заңды түсіндіріп өтпекшіміз. Қазір қасымдағы полиция қызметкерлері сіздерге толыққанды ақпарат беретін болады.

Сөз кезегі:

2. Түпқараған ауданы Пб ЖПҚб ЮПТ аға инспекторы полиция майоры Саркенов Джамбул Майрадинович

Құрметті оқушылар биылғы 2024-25 оқу жылдары барлығыңызға жақсы оқу жылы болсын жақсы бағаларға аяқтап, өздеріңіздің армандар жүрген оқу орындарыңызға кірулеріңізді тілеймін. Бүгінгі күнде Түпқараған ауданы

бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдерің қатысуымен 5 қылмыстық құқық бұзушылық дерегі орын алып отыр. Қ.Р.ҚК-нің 120,121.107,345 баптары бойынша тіркелді атап айтар болсақ Қ.Р. ҚК-нің 345,107 баптары қылмыстық іс әрекеттері 2023 жылы болып 2024 жылы сотқа жолдануына байланысты осы жылдығ есебіне кіріп отыр.

Сонымен бірге жыл басында ауданымызда кәмелетке толмағандармен және оларға қарсы жыныстық сипаттағы қылмыстық құқық бұзушылық орын алып отыр. Аталған дерек аудандық полиция бөліміне СДТТБТ тіркеліп тергеу амалдары жүріп аталған дерек бойынша күдікті өз жазасын алып өтеу үстінде.

Сонымен бірге қазіргі күнде өзекті мәселелердің бірі болып тұрған кәмелетке толмағандармен және олардың қатысумен болатын жол көлік оқиғасы жыл басынан бері кәмелетке толмаған қатысумен болған екі жол көлік оқиғасы болып аталған деректер бойынша әр түрлі дене жарақаттарымен жасөспірімдер дене жарақатын алып сонымен бірге жол көлік оқиғасын жасаған жасөспірімдер үстінен ҚР ҚК-нің 345 баптарымен іс қозғалып тергеп тексеру амалдары жүргізілді.

Қазір күнде ауданымыздың жоғары сынып оқушылар бір-біріне әлім жеттік жасау дерегі бойынша кәмелет жасына толмаған жасөспірім балдар өзінің қатарлас құрбы құрдастарымен болмашы дүниелерге бола төбелесіп біріне дене жарақатын жеткізген болатын. Осы дерек бойынша СДТТБТ тіркеліп сотқа жолданып Сот шешімімен өз жазаларын алды. Сонымен бірге қазіргі күнде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған жасөспірім балдарымыз, Түпқараған Ауданы прабация қызметінде өз жазаларын өтеу үстінде.

Құрметті оқушылар жоғарыда көрсетілгендердің негізінде өздеріңіздің болашақтарыңызға немқұрайлы қарамай өз өмірлеріңізді мазмұнды және күш қуатыңызды пайдалы іс-әрекетерге салуларыңызды сұраймын.

Е.Өмірбаев жалпы білім беру мектебінің тәрбие жөнінде орынбасары
Ескуатова Айнур Ескуатқызы.

Өз кезегінде аудан көлемінде кәмелетке толмаған жасөспірімдер мен жасалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылық жол-көлік оқиғаларын айтып оның алдын алу бойынша өткізген дәріс сабақтарыңызға рақметін айтып алдағы уақытта ауданымызда жасөспірім балдары қылмыстық құқық бұзушылық немесе жол көлік оқиғалары жасамайды деп сенім білдіремін деп өз сөзін түйіндеді.

Шешім етті:

1. Түпқараған ауданы полиция бөлімінің қызметкерлерімен әр түрлі бағытта мектептің жоғары сынып оқушыларына жиналыс кездесулер өткізіліп тұруға.
2. Кешкі мезгілде форт-Шевченко қаласында оқушылардың қауіпсіздігін қамтамсыз ету бойынша Е.Өмірбаев мектебінің ұстаздарымен рейд іс-шарасына шығу.

Жиналыс хатшысы



А.Ескуатова

Е. Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде бастауыш сынып оқушыларының сынып жетекшілерінің қатысуымен өткізілген жиналыстың хаттамасы

Форт-Шевченко қаласы

12 қыркүйек 2024 жыл

Жиналысқа қатысушылар:

Мектеп директорының у.м.а: А.Ахметова
МДТЖО – А. Есқуатова

Түпқараған АПБ ЮПТ-Д.Саркенов
Бастауыш сыныптың жетекшілері
Хатшы – Л.Казбаншаева

Күн тәртібінде:

1. Мектептің ішкі тәртіп ережесі, мектеп формасының бірыңғай стандартының сақталуы және мектеп формасын киюі, тәртібі туралы талаптарымен таныстыру- тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Айнұр Есқуатқызы

2. Қауіпті ойындар, құқықбұзушылық, буллинг тақырыбында түсіндірме жұмыстары- Түпқараған АПБ ЮПТ-Д.Саркенов

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1- мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Айнұр Есқуатқызы сөз алып, ата-аналарды мектеп оқушыларының формасы көк түс екені белгілі, сол көк түсті мектеп формасының сақталатынын және мектеп формасының үнемі тексеріліп отыратынын және оқушылардың білімі мен тәртібі ең басты орында екенін, үнемі қадағалап отыруды айтып өтті. Мектеп формасы – бала үшін ең маңызды элемент болып табылады, себебі бала көпшілік уақытын мектепте өткізеді. Ер балаларға ақ жейде, қою көк түсті классикалық стильдегі шалбар, тобықты жауып тұруы керек, кеудеше, пиджак, галстук, туфли шалбар кию ұсынылады, жағасы жоқ киімдер киюге тыйым салынады. Қыз балаларға артық ештеңесі жоқ қарапайым ақ жейде, (оверсайз жейде болмайды), галстук, бантик, туфли, пиджак, классикалық үлгідегі жейде және белдемше ұзындығы тізеден түсіп тұруы керек екені түсіндірілді. Тыйым салынады: Ұлдарға шашын өсіруге, бұйралауға, түрлі түске бояуға, спорттық аяқ киім киюге; қыз балаларға шашын түрлі түске бояуға, жайып жүруге, қысқа белдемше киюге, эшекей тағуға, боянуға, тырнақ бояуға, спорттық аяқ киім киюге тыйым салынатыны қатаң ескертілді. Мектеп фойесінде мектеп формасының ілініп тұрғанын айта келіп және әр ата – ана балаларын мектеп формасымен қамтамасыз етуіне көңіл бөлуін талап етті.

2. Түпқараған аудандық полиция бөлімшесінің ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры Саркенов Джамбул Майрадинович «Буллинг» термині туралы кеңінен мысалдар келтіру арқылы түсіндіріп, оқушылардың бір-

біріне ауыр сөздер айтпауын, әлімжеттік жасамауды, тәртіп мәселесін, ата-ананың рұқсатынсыз оқушылардың түнгі мезгілде көшеде жүрмеуін, интернеттегі түрлі қауіпті ойындармен ойнамауды, ата-аналардың өз балаларын үнемі бақылауда ұстауын, телефондарын күн сайын тексеріп отыруды, бөтен адамдармен сөйлеспеуді, қасында араласатын достары туралы, зиянды әрекеттерден аулақ болуды түсіндіріп айтып өтті.

Сөйледі:

1. Әбдиева Ажархан-бастауыш сынып мұғалімі. Оқу жылы басталғаннан бері күн сайын және әр апта сайын дүсенбі күні сынып сағатында үнемі оқушылардың тәртібі, мектеп формасы, тазалығы, сабақтан тараған соң бірден үйге баруын, көшеде бейтаныс адамдармен сөйлеспеуін айтып түсіндіріп отырамын.

2. Қоңыршаева Гүлсая-бастауыш сынып мұғалімі. Оқушылардың мектеп формасы мен тәртібі туралы күн сайын айтылып отырады және сынып сағатында да түсіндіріледі. Десек те, бала балалығын жасап, арасында сыныптастарымен жағаласып та ойнап кетеді. Балаларға бір-бірінен кешірім сұрауды, келесі жолы қайталамауын, боқтық сөздер айтпауын ескертіп отырамыз.

Қаулы:


1. Оқушылардың мектеп формасын сақтауы, өз-өзін ұстауы, тәртібі қадағалансын.
2. Түпқараған АПБ ЮПТ мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлардың бірлескен жұмыстары күшейтілсін.
3. Сынып жетекшілер мен ата-ана арасында түсінік жұмыстары уақытында жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:



А. Ө. Ахметова

Хатшы:



Л.А.Казбаншаева

<https://www.facebook.com/share/p/H9BVcWXwCPruVcKn>

facebook

 **Е.Өмірбаев Атындағы Мектеп**
4 дн

Буллинг, зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бастауыш сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылар өз ойларын еркін ортаға салып, пікір алмасты. #Есболөмірбаевмектебі



🔄 1

Нравится

Комментировать

Войдите или зарегистрируйтесь на Facebook, чтобы общаться с друзьями, родственниками и знако...

Вход

или

Создать новый аккаунт

Е. Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің 9-11 сынып оқушыларымен «Құқықбұзушылық. Есірткі. Интернет, алаяқтық, нашақорлық. Буллинг» бағытында өткізілген жиналыстың хаттамасы

Форт-Шевченко қаласы

24 қыркүйек 2024 жыл

Жиналысқа қатысушылар:

Жиналыс төрағасы – Мектеп директорының у. м. а А. Ахметова
МДТЖО – А. Есқуатова

Түпқараған АПБ ЮПТ- Н.Ершораев, Д.Саркенов
Оқушылар – 82
9-11-сыныптың жетекшілері
Хатшы – Л.Казбаншаева

Күн тәртібінде:

1. «Құқықбұзушылық. Есірткі. Интернет, алаяқтық, нашақорлық. Буллингтің алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Тыңдалды:

Түпқараған аудандық полиция бөлімі криминалдық полиция бөлімшесінің жедел уәкілі полиция капитаны Н.Ершораев пен ЖПКБ ЮПТ аға инспекторы Саркенов Джамбул Майрадинович қатысып, түсіндірме жұмысын жүргізді. Мақсаты:Қазіргі қоғамда орын алып жатқан жасөспірімдер арасындағы есірткіге тәуелділіктің алдын алу, интернет алаяқтықтың жолын кесу; Кәмелеттік жасқа толмағандардың құқығын түсіндіре отырып, олармен жасалынатын жұмысты, жасөспірімдердің түнгі мезгілде көшеде жүрмеуін, өзгенің мүлкіне қол сұғу, зиянды әрекеттерден аулақ болуды, соңғы кездері интернет желісін пайдалана отырып жасалатын алаяқтық құқық бұзушылық фактілерінің көбейгенін, әлеуметтік желілер мен сайттарда «фейк» парақшалар, сайттар ашып, түрлі тәсілдермен адамдарды алдап, сенімдеріне кіретіні туралы түсіндіріп өтті. Буллинг терминін түсіндіре отырып, психологиялық шабуыл: қорлау, жаман сөздер айту, келемеждеу, өсек пен өтірік сөз тарату және шеттетуден тұратынын, әсіресе соңғысы балалардың өз ортасынан алшақтап, жалғыздықтан суицидке баруына әсер ететіні де ескертіліп, ақпарат берілді. Нашақорлыққа, темекіге және құмар ойындарға тәуелділіктің зардабы кеңінен түсіндіріліп, нашақорлық-әлеуметтік құбылыс. Қоғам дертіне айналған нашақорлық адамның өзіне де, қоғамға да аса зиян. Оның қасіретін өскелең ұрпақ жақсы білуі үшін әрбір ата-ана отбасында балаларына жат әдеттердің зардабы туралы айтылып, сонымен қатар

ақпараттық жұмыстар жүйелі жүргізіліп тұратын болса ұтарымыз көп болатыны да түсіндірілді.

Қаулы:

- 1.Түпқараған АПБ ЮПТ мен бірлескен жұмыстарды күшейту;
- 2.МДТІЖО мен рейд жұмыстарын жандандыру;
- 3.Түнгі уақытта жұмыс жасайтын оқушыларды анықтау;
- 4.Өзінен кіші жастағы балаларға әлімжеттік, зорлық көрсету фактілерін анықтау;

Жиналыс төрағасы:

 А. Ө. Ахметова

Хатшы:

 Л.А.Казбаншаева

<https://www.facebook.com/share/p/RhCyeyrTyJ2E8aks/>

Е. Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде ата-аналар мен педагогикалық ұжымның қатысуымен «Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі» тақырыбында өткізілген жиналыстың хаттамасы

Форт-Шевченко қаласы

27 қыркүйек 2024 жыл

Жиналысқа қатысушылар:

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары-Р.Реуменова
МДТЖО – А. Есқуатова

Түпқараған АПБ ЮПТ-Д.Саркенов
Ата-аналар-112
1-11-сыныптың жетекшілері
Хатшы – Л.Казбаншаева

Күн тәртібінде:

1. Мектептің білім сапасы бойынша жасалынып жатқан жұмысымен таныстыру-Р.Реуменова;
2. Қауіпті ойындар, құқықбұзушылық, буллинг, зорлық-зомбылық тақырыбында түсіндірме жұмыстары-Түпқараған АПБ ЮПТ-Д.Саркенов
3. 11-12 жастағы қыз балаларға салынатын екпе туралы түсіндірме жұмысы- мектеп мейірбикесі Г.Оразбаева
4. Мектептің ішкі тәртіп ережесі, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы- Л.Казбаншаева

1. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары-Р.Реуменова

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар, әріптестер! Бүгін мектептің білім сапасы бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырғым келіп тұр. Биылғы оқу жылынан бастап мектебіміз «Отпан» жобасымен жұмысын бастап кетті. Қазіргі таңда мектебіміздің бірнеше сыныбы заманауи үлгідегі кабинеттер қатарымен толығып келеді. Әлі алда басқа да сыныптарымыз жабдықталуы керек. Білім аламын деген әрбәр оқушыға жағдай жасалған. Сонымен қатар нысаналы мектептің қатарына да ендік. Болашақта мектебіміз білім сапасын жоғары деңгейде көрсетеді, әріптестер озық технологиямен жұмыс жасау арқылы өз жетістіктерін көрсетеді деген сенімдемін.

2. Түпқараған аудандық полиция бөлімшесінің ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры Саркенов Джамбул Майрадинович оқушылардың түнгі мезгілде көше кезіп жүрмеуін, кафе барларда жұмыс

жасамауын, интернеттегі түрлі қауіпті ойындармен ойнамауды, ата-аналардың өз балаларын үнемі бақылауда ұстауын, қасында араласатын достары туралы, зиянды әрекеттерден аулақ болуды, бір сөзбен айтқанда зиянды нәрседен аулақ болуды мысалмен дәлелдеп түсіндіріп айтып өтті.

3. Мектеп мейірбикесі Оразбаева Гүлнар 11-12 жастағы қыз балаларға салынатын екпе туралы, бұл екпенің еш зияны жоқ екені түсіндірілді. Оқушылардың гигиенасы жөнінде де түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Сұрақ: Бұл екпені алуға қарсылық білдірген жағдайда не істейсіз?

Екпені салдыруға міндеттіміз бе, егер салдыруға қарсы болсақ, ертеңгі күні жоғары оқу орнына түскенде кері әсерін тигізбей ме?

Сұрақтарға мектеп мейірбикес толық жауап берді.

4. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ләззат Казбаншаева алдымен ата-аналардан алынған гугл форматтағы сауалнама қорытындысымен таныстырып өтті. Мектептің ішкі тәртіп ережесі, мектеп формасының үнемі қадағаланып отыратынын және де «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының өзгерістері мен толықтыруларына тоқталып өтті. Атап айтқанда, оқушылардың ұзақ қоңыраудағы уақытын тиімді пайдалану үшін күн сайын өткізіліп тұратын «Өнегелі 15 минут», «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы», «Үнемді тұтыну» шараларының жұмысымен таныстырып өтті.

Қаулы:

1. Мектептің білім сапасы бойынша жасалынып жатқан жұмысы күшейтілсін;
2. Түпқараған АПБ ЮПТ мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлардың бірлескен жұмыстары күшейтілсін;
3. Мектеп мейірбикесінің екпе туралы түсіндірме жұмыстары жасалсын;

Жиналыс төрағасы:




А. Ө. Ахметова

Хатшы:



Л.А.Казбаншаева

1	<p>"Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі" тақырыбында офлайн форматта жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы</p>	<p>Мектебімізде ата-аналар мен педагогикалық ұжымның қатысуымен "Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі" тақырыбында офлайн форматта жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналысқа Түпқараған аудандық полиция бөлімшесінің ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры Саркенов Джамбул Майрадинович қатысып, қауіпті ойындар, интернеттегі алаяқтық, құқықбұзушылық, буллинг, зорлық-зомбылық, діни экстремизм тақырыбында баяндама жасалды. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Реуєенова Райгүл Аманғалиқызы білім сапасын арттыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде айтып өтті. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Казбаншаева Ләззат Айдынгалиқызы "Біртұтас тәрбие бағдарламасына" сәйкес оқушылардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында "Қауіпсіздік сабағының" әр апта сайын өткізілетінін және ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жауапты маманымен таныстырып өтті. Ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту үшін ата-аналардан алынған сауалнама қорытындысымен де таныстырды. Мектеп мейірбикесі Оразбаева Гүлнар Демєуовна 11-12 жастағы қыз балаларға салынатын екпе туралы түсіндірме жұмысын жүргізді. Ата-аналар тарапынан мейірбикеге бірнеше сұрақтар қойылып жауап берілді.</p>	<p>83 ата-ана 24 сынып жетекшісі Мектеп әкімшілігі Мектеп инспекторы</p>	<p>https://www.facebook.com/share/v/1E7Z2tKkLH/</p>	
---	---	---	--	--	---

Е. Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі

«Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларының және сынып жетекшілерінің қатысуымен өткізілген жиналыстың хаттамасы

Форт-Шевченко қаласы

13 қаңтар 2025 жыл

Жиналыстың мақсаты: Жасөспірімдер арасында орын алып жатқан есірткі пайдаланудың алдын алу, оның зияны туралы ескерту.

Жиналысқа қатысушылар:

Мектеп директорының у.м.а: А.Ахметова

Түпқараған АПБ ЮПТ-Д.Саркенов

Сынып жетекшілер

Хатшы – Л.Казбаншаева

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1- мәселе бойынша Түпқараған аудандық полиция бөлімшесінің ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры Саркенов Джембул Майрадинович жасөспірімдер арасында орын алып жатқан есірткі пайдаланудың алдын алу, оның зияны туралы ескерту мақсатында нашақорлық - ғасыр дерті екендігін, есірткі заттардың адам өміріне аса қауіптілігін ұғындыра отырып, алдын алу, оқушыларды саналы да, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу туралы түсіндірме жұмысын жүргізді.

Нашақорлықпен күресуге жалғыз адамның шамасы келмейді. Бұл жерде ата-аналар және сіздер мен біздер әрбір Қазақстан азаматы шетте қалмау керек, ғасыр дертімен күресу керек екендігі түсіндірілді. Дүниедегі ең қымбат нәрсе, ол-сенің өмірің. Сенің өмірің, ол-өз қолыңда деген кеңестер берілді. Оқушылар нашақорлықтың зардаптары туралы білді, салауатты өмір сүрейік, спортпен айналысайық, жаман әдеттерден бойымызды аулақ ұстайық деген тілектер де айтылды.

Түсіндірме жұмысы барысында оқушылар мен ата-ана арасындағы байланысты нығайта отырып, нашақорлықпен күресуге жалпы қоғам болып ат салысу қажеттілігін, өскелең ұрпағымызға жарқын да салауатты өмір сүру керектігін де айтып өтті. Нашақорлық - барлық қылмыс пен қатыгездіктің, мейірімсіздік пен дінсіздіктің негізі дейтін болсақ, жастарымыздың ғасыр індетіне шалдықпауына қоғам болып жол бермеуіміз қажет деп оқушыларға жаман нәрселерден аулақ болу керектігі түсіндірілді.

Сөйледі:

1. Нұртлеова Мейрамгүл-11 сынып жетекшісі.

Бүгінгі тақырып өзекті, қоғам үшін үлкен мәселе болып табылады. Оқушылар, болашағыңыз өз қолыңызда. Бойымызды жаман нәрселерден аулақ ұстауға тырысайық. Адам денсаулығына, психологиялық жағдайына және өмір сапасына теріс әсер етеді. Осы

болған жағдайға еңсені түсірмеу қажет екені, өз қателіктеріңізді түсіну, жақсартуға тырысу, ал жақсы қасиеттерімізді бағалап, бақытты болуға тырысу керектігі айтылды.

Е. Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарының қатысуымен құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша өткізілген жиналыстың хаттамасы

Форт-Шевченко қаласы

11 қазан 2024 жыл

Жиналысқа қатысушылар:

Мектеп директорының у.м.а: А.Ахметова
МДТЖО – А. Есқуатова
МДБЖО- К.Муханова
Сынып жетекшісі Ебелекова Л.
4-сыныптың ата-аналары

Күн тәртібінде:

1. 4-сынып оқушыларының бір-біріне әлімжеттік жасауы.
2. Ата-ананың 4-сынып оқушыларының үстінен шағымдануы. Сәтібекова С

Тыңдалды:

Сәтібекова Сәнгүл-Аяанның анасы: Менің балам 4- сынып оқиды. Баламның тәртібі жақсы. Үнемі сынып жетекшімен байланыста отырамын. Үшінші күні кешке қарай қызым Інжу ұялы телефонын көрсетіп: «Мама, Камила мына аудиожазбаны маған жіберіпті, түсінбей тұрмын, қарап жіберіңізші!»- деді. Сосын ойымда ештеңе жоқ аудио жазбаны тыңдап көрдім де, өз құлағымға өзім сенбей шошып кеттім. Содан дереу мектепке келіп, сынып жетекшісіне хабарластым. Сынып жетекшісі немқұрайлықпен қарсы алып, сөзіме де көп мән бермей, дүйсенбі күнге дейін тәртібін қарайық, сосын нәтиже жоқ болса мектеп директорына барамыз деді. Бұл жердегі менің ойым сынып ішінде өзіміз туындаған мәселені шешу болатын. Алайда сынып жетекші тарапынан көмек болмағасын, мектеп директорының ұялы телефонына хабарласып, болған мән-жайды түсіндіріп айттым. Сол кезде мектеп басшысы Айнұр Өндіргалиқызы тыңдап болып, шұғыл түрде орынбасарларына тапсырма бергенін, таңертен сағат 8:00 де келіп осы мәселенің шешімін табатынын айтты. 11 қазан күні таңертен сағат 8:30 да ата-аналар балаларымен, сынып жетекшісімен, тәрбие жөніндегі орынбасарларымен, мектеп директорының бастауыш сыныптар бойынша оқу ісінің меңгерушісі Мұханова Клара Желенқызымен шұғыл бірлескен жиналыс өткізді. Жиналыста әрбір оқушыдан жекелеп тыңдалып, Камал Али мен Ілияс Алижан істеген әлімжеттіктерін мойындады. Ілияс Алижан кешірім сұрады да, Али сұрамады. Мен бұл өсіп келе жатқан балам үшін алаңдаймын. Сол үшін де шырылдап келіп тұрмын. Ата-аналар мені дұрыс

түсініңіздер.Егерде сіздерде менің орынымда болсаңыздар сіздер де мендей жағдайға түсетін едіңіздер.

Сөйледі:

Камал Камила: Инжу екеуіміз сыныптаспыз,үнемі бірге жүреміз доспыз.Үшінші күні кешке сабақ дайындап жатқанда Али айтады маған бүгін біз Аянды қоңырауда далаға шыққан кезде біз барлығымыз Аянды қуып шалбарын шешіп ,әлімжеттік көрсетті.Соған менің жаным ашып,Аянды аяп болған оқиғаны анама айтып бердім.Алиға мен ұрыстым олай жасауын дұрыс емес,ол жаза алмайды да ғой деп айттым.Сосын мамам Алиге олай не үшін істейсің деп ұрысты .

Мектеп директоры А.Ахметова: Мен бұл болған жағдайды кеше кешке 4-сынып ата-анасы Сәнгүлден естідім .Сынып жетекші немесе ата-ана тарапынан бұл жағдайға байланысты ешқандай да шағым түскен жоқ.Үнемі оқушыларды есіктен қарсы алып кешке тарағанша дейін шығарып саламын.Әрбір қабатта кезекшілік атқарылады.Бұл болған жағдайды естіген бойда МДТЖО Есқуатова Айнұрмен МДОІБЖО Муханова Клара Желенқызына мән жайды түсіндіріп дер кезінде жетекшісі Ебелекова Ляззатқа ата-аналарымен сыныбындағы 14 ер балаларын таңертен сағат 08 -30 ға шақырып жиналыс жасауын тапсырдым.Бұл дабыл қағатын жағдай.Мұндай істі бей-жай қалдыруға болмайды.Шара қолданып,ата-аналармен мектеп бірігіп жұмыс жасауымыз керек.Бұлар бала,қазір төбелесіп,бес минуттан кейін достасып ойнай береді. Сондықтан ата-аналар балаларды соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының тәртібін,сабағын,мектепте қалай жүру керек екенін,мектеппен сіздің берген тәрбиенізді үнемі жадында ұстап жүру керектігін жиында да біз айтып отсақ,үйде сіздер айтып отырыңыздар.Бұл оқушылардың оқушының жуастығын пайдаланып әлімжеттік жасауы ,іш киімін шешуі бұл дегеніміз ұят нәрсе.Мектепшілік тіркеуге алынуы керек.Бүгіннен бастап мектепшілік тіркеуге аламыз.Үнемі сырттай бақылауда болуы керек. Алайда бұл балалардың сабақтары жақсы.Спорттық жарыстарға қатысады.Мектептің шараларына да қатысып отырады.

МДТЖО А.Есқуатова:Мен тәрбие жөніндегі орынбасармын және бұл сыныпқа 2 сыныптан бастап ағылшын тілі сабағынан беремін.Жалпы сыныптың тәртібі орташа деңгейде.Үнемі Али мен Алижан мектеп тәртібіне сай емес қылықтар жасап,көзге түседі.Бұл екі оқушының да сабақ үлгерімі жақсы.Неше жыл еңбек өтілім болса да мұндай жағдайды алғаш естіп ,өзім таң қалдым. Бұл балаларға әр түрлі шаралар өтіп жатыр,мектепте де жағдай жасалған ,сынып жетекшілер «Буллинг» тақырыбында сынып сағаттарын өткізуде,сонда бұл балаларға Не жетпейді? деген ойда болдым.Ата-аналар бала деп қарамауымыз керек,олармен үлкен адамша сөйлесуіміз керек.Бала біздің болашағымыз.Мектепшілік есепке алынады.Үнемі 4-сыныптар бақылауда болады.Ата-аналар сіздер баланы ұрып түзей алмайсыздар.Жәй ғана сөйлесіп түсіндіріңіздер.

Сынып жетекші Л.Ебелекова: Мен 1-сыныптан бастап сынып жетекшімін.Сыныбымда 14 ер бала бар.Сыныптың тәртібі жақсы деп айта алмаймын.Мінезі өте ауыр балалар да бар.Ол оқушылардың ата-аналарымен үнемі



байланыста отырамын. Бұл жағдайды сәрсенбі күні 4-сабақтың үстінде Аянның ата-анасы келіп айтты. Менде бұл жағдайды дұрыс түсінікпей 10 минут ата-анамен сөйлесіп, келесі дүйсебі күнді күтейік, сол күнге дейін тәртіптері түзелмесе мектеп басшысына ескертіп айтамын деп ойладым. Аянның мінезі тұйық, жуас, сабақ үлгерімі орташа деңгейде. Али тәртіп жағынан үнемі көзге түседі, бірақ сабағы жақсы, қоғамдық шараларға қатысып отырады. Алижанның да тәртібі орташа деңгейде. Сабақ үлгерімі жақсы. Қоғамдық шараларға қатысады. Жалпы бұл жағдайды ата-аналарға ескерттім. Ата-аналарды таңертең сағат 08-00 ге балаларымен бірге шақырдым.

МДБЖО- К. Муханова: Енді менің айтарға сөзім жоқ. Кіп-кішкентай балаларым деп айтайын десем, ой-өрістері 5-сыныптың оқушыларының ойындай дамыған. Осының бәрі қазіргі ұялы телефонның кесірі, ата-ана біздер үйде де, түзде де жаман болсын немесе мектепке барып біреуді ұр соқ, іш киімін шеш деп айтпаймыз ғой мұндай жағдайды өз еңбек өтілімде кездесіп те көрмепті, балалардың көзін қорқыту керек, әке тарапынан жеке әңгімелесу көп болу керек, үй шаруасына көп жұмсауымыз керек, әр түрлі үйірмелерге қатыстыруымыз керек. Мектепшілік қосымша сабақтарға көп шақыруымыз керек. Баланың бос уақыты болмауы керек деп ойлаймын.

Ата-ана: Бүркітбаев Әділ –Иә, бұл жағдайды біз отбасымызбен талқыладық. Балам жейтін таяғын жеді. Баламдыкі әрине дұрыс емес. Аянның ата-анасының мектепке келуі де дұрыс. Бұл жағдайды Камила айтпағанда жабулы қазан жабулы қалатын еді. Жағдай қиын. Анасынан кешірім сұраймыз. Балам Алиде кешірім сұрайды.

Қаулы:

1. Түпқараған АПБ ЮПТ мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлардың және сынып жетекшілердің бірлескен жұмыстары күшейтілсін.
2. Сынып жетекшілер мен ата-ана арасында түсінік жұмыстары уақытында жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:  А. Ө. Ахметова
Хатшы:  Л. А. Казбаншаева

Е. Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу бағыты бойынша жасалған жұмыстардың ақпараттамасы

І тоқсан бойынша

2024-2025 оқу жылында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары жасақталып, бекітілді. Қыркүйек айында ЮПТ инспекторы Саркенов Жамбыл Майрадиннович жоғары сынып оқушылары үшін мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағыну керектігін, түнгі қауіпсіздікті сақтау және құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізген болатын.

Республикалық «Абайлаңыз, балалар!» жедел профилактикалық іс-шарасы аясында ЮПТ инспекторы қатысуымен бастауыш сынып оқушыларына арнайы жолда жүру ережелері бойынша Саркенов Жамбыл Майрадиннович шара өткізіп, жол белгілерімен жолда жүру ережелері таныстырылды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02ws5kA37xTSegYnHoHFMG7TTVAYHLPSKuMTDNFzWRzTMmyktFBdRm8gkTkujK1LcDI&id=100013370347719&mibextid=Nif5oz

27 қыркүйек күні «Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі» атауымен мектепшілік ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналысты ішкі істер органдарының қызметкерлерімен бірлесіп өткізіп, бала өмірінің қауіпсіздігі басты назарда екенін ата-аналарға баяндап өтті. Мектеп әкімшілігі ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, 2023-2024 оқу жылының қорытындысына тоқталып, мектеп бітіретін түлектер үшін ҰБТ-дағы гранттар туралы толық мағлұмат берді. Және де құқықбұзушылықты, жол-көлік оқиғаларын болдырмау, қауіпсіздік шаралары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid024UX8eptqPoKi6MGodq3HBbQ22ggqbKW2qAPzCsRc5XwC9RzRuKesMPLCjGCpCw14l&id=100013370347719&mibextid=Nif5oz

24 қыркүйек күні мектеп оқушыларының қатысуымен орын алатын құқықбұзушылықпен жол-көлік оқиғаларын, сыбайлас жемқорлықты болдырмау, Құқықбұзушылық Есірткі, Интернет алаяқтық, нашақорлық Буллинг бағытында аудандық ішкі істер бөлімінің мамандарымен кездесу өтті. Кездесу барысында қазіргі таңда мопед айдаудың салдарынан орын алып жатқан келеңсіз жағдайлар сөз болып, бейнематериалдар көрсетілді. Кәмелет жасына жетпеген оқушылардың басқаруы заңсыз деп танылып, міндетті түрде ата-анасының жауапкершілікке тартылатыны туралы ескерілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0HVVRT6GzeUDMBgBGzLj4Bz5xZKMvQSAAtPr98sM4q2hSHfrGtm9qYcsHzi7nRWX1l&id=100013370347719&mibextid=Nif5oz

25 қыркүйек күні МДТЖО-ның және ұлдар кеңесінің төрағасы Кәрім Жұмабектің қатысуымен ұлдар жиналысы өтті. Онда құқықбұзушылықтың алдын алу және зиянды әдеттерден аулақ болу бағытында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0VJTSQDyTNv19VGXkeCACtjPDKFRSSEFfWs9irpSfFT1JQ29HS6ae8nQqZTriQcEgl&id=100013370347719&mibextid=Nif5oz

16 қазан күні мектеп мейірбикесі Г.Оразбаева оқушыларды зиянды әдеттерден аулақ болуға шақыру, темекінің адам ағзасына қаншалықты зиян екендігін түсіндіру, оқушыларымызға есірткі, электронды темекі және өзге де заттарды тұтынбау, олардан аулақ болу бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02dG5z3gLeAcivpYKJoT8DxJXZsbG9J83qHwack9m4s9C5VQy2wfeEZ5z72f9tbwl&id=100013370347719&mibextid=Nif5oz

1 қараша мен 30 қараша аралығында «Қауіпсіз балалық шақ» ақпараттық науқаны басталып, іс-шаралар жоспары жасақталды. Мектеп оқушыларының түнгі қауіпсіздігін бақылау, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында арнайы рейд кестесі жасақталды. Кестеге сәйкес мұғалімдеріміз түнгі уақытта дүкендер мен тамақтану орындарын тексеріп отырады.

Е. Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі

«Кәмелетке толмағандар арасындағы буллинг, әлімжеттік» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларының және сынып жетекшілерінің қатысуымен өткізілген жиналыстың хаттамасы

Форт-Шевченко қаласы

16 қаңтар 2025 жыл

Жиналыстың мақсаты: Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы буллинг пен әлімжеттің алдын алу шараларын талқылау және онымен күресудің жолдарын анықтау.

Жиналысқа қатысушылар:

Мектеп директорының у.м.а: А.Ахметова

Түпқараған АПБ ЮПТ-Д.Саркенов

Сынып жетекшілер

Хатшы – Л.Казбаншаева

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1- мәселе бойынша Түпқараған аудандық полиция бөлімшесінің ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры Саркенов Джамбул мектепке және оның аумағына алып келуге тыйым салынған заттар тізбесімен оқушыларды таныстырды және кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылық пен әлімжеттік фактілерінің алдын алу бойынша кеңінен ақпараттар берілді. Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау, олардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, буллинг және бір-біріне әлімжеттік көрсету жағдайларын болдырмау шаралары жөнінде түсінік жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар бойынша көзделген жауаптылық түрлеріне тоқталып, жасөспірімдерді заң талаптарында белгіленген түнгі уақыттарда заңды өкілдеріңіз жүрмеуге, қоғамдық, мектепшілік тәртіпті және сақтық шараларын сақтауға шақырды. Егер бала сыныпта қысым көрген болса, алдымен сыныптастарының ата-анасымен сөйлесу керек. Бала құқығы – талқыға түсуге міндетті тақырып. Сондықтан ортақ жиналыста емес, әр ата-анамен жеке-жеке сөйлесу маңызды. Әрекетіңіз нәтижесіз болса, онда сынып жетекшісі, мектеп директоры, психолог, мектеп инспекторын де бұған араластыру керек.

Балалар арасындағы буллинг бұрыннан бері талқыға түсіп, көптің көкейінде жүрген мәселенің бірі.

Буллингтің түрі көп, шешімі жоқ. Қысым көрмей, бақытты балалық шағын өткеріп, анасы мен әкесіне еркелей алатын, достарымен емін-еркін, сау қарым-қатынас құра алған бала ғана еркін ойлайтын, саналы, сапалы тұлға болмақ. Ендеше заңды әрекетке, санды сапаға ауыстыратын уақыт жетті. Бір бала бүтін елмен тең. Сондықтан балаға өз құқығын қорғап,

өзгенің құқығын таптамауды үйретіп, еркін, қауіпсіз қоғамды өзіміз қалыптастыруымыз керек

Жасөспірім буллингке қатыспауы, ұшырамауы үшін алдымен кез келген ата-ана баласымен ашық және жиі сөйлесіп тұруы шарт. Қарапайым мектептегі күні қалай өткенін, интернетті қандай мақсатта пайдаланғанын, үзіліс кезінде мектепте не істейтінін сұраған жөн. Сабақ үлгерімі ғана емес, сезімі, достарымен қарым-қатынасы жайлы да сөйлесуді әдетке айналдыру керек. Ал баланың қатарластары тарапынан қысымға ұшырағанын қалай анықтаймыз? Әдетте буллингке ұшыраған балалар орын алып жатқан жайтты ата-анасына айтуға батылы жетпейді. Сондықтан баланың қысым көргенін дер кезінде байқай білудің маңызы зор. Мәселен, басқа біреудің тарапынан қысымға ұшыраған баланың мінез-құлқында мынадай өзгерістер орын алуы мүмкін: өзінен кішілерге агрессиямен қарау, ұйқы немесе тамақтану режимінің бұзылуы, концентрацияның жоғалуы, тыныштықта көп болу, реніш, өзгеден оқшаулану. Сондықтан психолог, сынып жетекші әр баламен жеке сөйлесіп отыруы керек деп түсінемін.

Сөйлеу:

1.Күмісбай Орынтай-9 сынып жетекшісі.

Мен сынып жетекші ретінде айтатын болсам, сыныбыммен үнемі тығыз байланыстамын. Сыныбымда бір-біріне әлімжеттік көрсетіп жүрген оқушыларды кездестірген жоқпын. Әр аптаның дүйсенбі күні сынып сағатында міндетті түрде тәртіп, тәрбие, құқықбұзушылық, буллинг тақырыбында оқушылармен ашық сөйлесемін, бірақ бір-бірін сөзбен қорлап, мазактап, кемсітіп, жәбірленіп жүрген оқушы кездескен жоқ. Егер де мұндай жағдай кездессе, әрине, мектеп инспекторынан көмек сұрар едім.

Қаулы:

1. Буллинг пен әлімжеттің алдын алу үшін арнайы тренингтер мен семинарлар ұйымдастырылсын..

2.Түпқараған АПБ ЮПТ мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлардың түсіндірме жұмыстары жыл бойы жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:

А. Ө. Ахметова

Хатшы:

Д.А.Казбаншаева



Е. Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі

«Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларының және сынып жетекшілерінің қатысуымен өткізілген жиналыстың хаттамасы

Форт-Шевченко қаласы

13 қаңтар 2025 жыл

Жиналыстың мақсаты: Жасөспірімдер арасында орын алып жатқан есірткі пайдаланудың алдын алу, оның зияны туралы ескерту.

Жиналысқа қатысушылар:

Мектеп директорының у.м.а: А.Ахметова

Түпқараған АПБ ЮПТ-Д.Саркенов

Сынып жетекшілер

Хатшы – Л.Казбаншаева

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1- мәселе бойынша Түпқараған аудандық полиция бөлімшесінің ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры Саркенов Джембул Майрадинович жасөспірімдер арасында орын алып жатқан есірткі пайдаланудың алдын алу, оның зияны туралы ескерту мақсатында нашақорлық - ғасыр дерті екендігін, есірткі заттардың адам өміріне аса қауіптілігін ұғындыра отырып, алдын алу, оқушыларды саналы да, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу туралы түсіндірме жұмысын жүргізді.

Нашақорлықпен күресуге жалғыз адамның шамасы келмейді. Бұл жерде ата-аналар және сіздер мен біздер әрбір Қазақстан азаматы шетте қалмау керек, ғасыр дертімен күресу керек екендігі түсіндірілді. Дүниедегі ең қымбат нәрсе, ол-сенің өмірің. Сенің өмірің, ол-өз қолыңда деген кеңестер берілді. Оқушылар нашақорлықтың зардаптары туралы білді, салауатты өмір сүрейік, спортпен айналысайық, жаман әдеттерден бойымызды аулақ ұстайық деген тілектер де айтылды.

Түсіндірме жұмысы барысында оқушылар мен ата-ана арасындағы байланысты нығайта отырып, нашақорлықпен күресуге жалпы қоғам болып ат салысу қажеттілігін, өскелең ұрпағымызға жарқын да салауатты өмір сүру керектігін де айтып өтті. Нашақорлық - барлық қылмыс пен қатыгездіктің, мейірімсіздік пен дінсіздіктің негізі дейтін болсақ, жастарымыздың ғасыр індетіне шалдықпауына қоғам болып жол бермеуіміз қажет деп оқушыларға жаман нәрселерден аулақ болу керектігі түсіндірілді.

Сөйледі:

1. Нұртлеуова Мейрамгүл-11 сынып жетекшісі.

Бүгінгі тақырып өзекті, қоғам үшін үлкен мәселе болып табылады. Оқушылар, болашағыңыз өз қолыңызда. Бойымызды жаман нәрселерден аулақ ұстауға тырысайық. Адам денсаулығына, психологиялық жағдайына және өмір сапасына теріс әсер етеді. Осы

зиянды әдетке қарсы күресу маңызды және әркім қоғамда дені сау, бақытты өмір сүруге бағытталған қадамдар жасауға тиіс. Мен сіздерге нашақорлықтан аулақ болуды және өз өмірлеріңізді дұрыс бағытқа қалыптастыруыңызды сұраймын. Өз болашағыңызды ойлап, өз мақсатыңызды көздеп, оларды жүзеге асыру үшін үнемі білім алып жүруіңіз керек, салауатты өмір салтын ұстаныңыз, спортпен айналысып, денсаулыққа пайдалы әдетке жақын болыңыз дегім келеді. Әр оқушы өз болашағына жауапты болуы керек деп ойлаймын.

Қаулы:

1. Нашақорлыққа қарсы ақпараттық жұмыстар күшейтілсін.
2. Түпқараған АПБ ЮПТ мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлардың нашақорлықтың зияны туралы ақпараттық түсіндірме жұмыстары бірлесіп жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:

А. Ө. Ахметова

Хатшы:

Л.А.Казбаншаева

